

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Лесной ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 28 мамырдағы № 9.12.01-02/08 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Лесной ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 20 қыркүйектегі № 9.12.01-02/13 шешімі

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына сәйкес, Қызылжар ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2024 жылғы 18 қыркүйектегі № 01-11/115 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Ірі қара малдың бруцеллез ауруын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының Лесной ауылдық округінің Глубокое ауылындағы "Астық сату Компаниясы" ЖШС фермасында белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Лесной ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 28 мамырдағы "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 197164 болып тіркелген) № 9.12.01-02/08 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Лесной ауылдық округінің әкімі *Ж. Мұхамдиев*